

Махамбет Атамқұлы

1803-1846





Махамбеттің есімі - өмірдегі
қасіреттің синонимі. Өңірдегі
қасиеттің символы. Махамбет өлеңі –
қазақ сөзінің қайталанбас күдіреті:
әрбір буыны мен бунағы тармағы мен
шумағы мұншалық тап – таза
қорғасыннан құйылған ап – ауыр сұл
сөз қазақтан жер бетіндегі ешбір елді
өлең жырында жоқ, оның өзге тілге
онай айдарылмайтыны да
сондықтан.

Хронологиялық кесте

Болған оқиғалар

Жылдар	
1803	Қазіргі БҚО, Жәнібек айданындағы Бекетай құмы деген жерде дүниеге келді.
1816	13 жаар Махамбеттің әкесін “үйінде қашқындар ұстайды” деген Орынбор әкімшілігі Ордансгаузге қаматылады, 1817 жылы сондай дүниеден өтеді.
1833	Хан ұлы Зұлқарнай Орынбордағы Неплюев кадет корпусына оқуға жібермек болады, оған бас – көз болуға Махамбет тағайындалады.
1830	Жәңгір хандықтың аумағындағы барлық тәуір жерлерді өзінен бстап, төре,сұлтандарға,ауқатты кісілерге бөліп береді. Ішкі ордадағы 5300 десятина жердің 91,5 пайызын,немесе 4500 десятинасын төрелер мен билер иемденген.
1836	Махамбеттің ақындық даңқы мен батырлық атағын аспандатып, 18 айға созылған, ақырында 8 жылдық сергелдеңге ұласқан ұлы оқиғалар осы жылдың көктем айында басталды.
1837	Көтеріліс осы жылдың күзінде шарықтау кезіне жетеді, Исатаймен махамбет қарашанның соңында жер қайысқан қалың қолмен – 3 мың қарулы жасағымен Жасқұстағы хан ордасын қамайды. Хан да, орад да Исатайдың қолында еді. Қалай дегенде де, Жәңгір көтерісшілерден 10 күн пұрсат сұрайды. Осы 10 күн ішінде Жәңгір хан губернатор В.А. Петровскийге хат жолдайды. Қарашаның 5 жасырын келген К.Гекке бұны губернаторға жеткізеді.
1838	12 шілдеде екі жақ Қиылы өзеннің сағысында Ақбұлақ деген жерде тоқайласып, ұрыс салады. Шегінде атысып келе жатқан Исатай оққа ұшды. Махамбеттің бұдан кейінгі өмірі қудалауда, сергелдеңде өтеді. Қайта қол жнамақ болған Махамбет Хиуадан көмек сұрау әрекетінен еш теңе шықпайды.

1840	Күзде Жем бойындағы бір үйде жалғыз отырған махамбеттің үстіне 50 шақты адам жабылады. Махамбетті Орынборда қамайды, оған айыптарды ол мойындамайды, Ақыры ақталады.
1835	Махамбеттің екінші ұлы – Нұрсылтан дүниеге келеді.
1846	Махамбет Қарой деген жерде жалғыз үй тұрады, Бймағамбеттің жұмсауымен Махамбеттің көңілі жақын болып жүретін досы Ықылас бір топ адаммен үйіне келеді. Ақырында сол жерде Махамбет өмірмен қоштасады.
1908	“Баймағамбет сұлтанға айтқаны” толғауының толық емес нұсқасы Қазан қаласында тұңғыш рет басылып шыққан.
1910	Орынбда басылған “Шайыр”, “Ақын” атты жинақтары жарияланды.
1925	Ташкент қаласында Халеол Досмұхамедұлының құрастыруымен және ғылыми құндылығын әлі күнге дейін жоғалтпаған алғы сөзімен басылып шықты.



Шығармашылығы

Махамбет өлеңдерінің жалпы саны онша көп емес, шығармаларының толық жинағы “Жыр семсер”, “Жазушы” Алматы, 1979 жылы 70 туындысы енген. Соның барлығы дерлік тарихқа Исатай екеуінің атымен белгілі 1836-1838 жылдардағы әйгілі ұлт – азаттық көтерілісіне қатысты болып еледі. Ал уақыт жағынан 1. көтеріліске дейін, 2. көтеріліс кезінде, 3. Көтеріліс жеңілгеннен кейін шығарылған өлең толғаулырын үш топқа бөлуге болады. Ақын поэзиясының идеялық – көркемдік өзегін, негізінен, жстық дәурен, азаматтық қадір – қасиет, достық – қастық, өкініші өмір жайындағы тебіреністер, ел мен жер, ерлік пен азаматтық парыз, көтеріліс көсемдері, Исатай мен Махамбеттің өз бейнесі; жеңіліс күйініші мен сынбаған рух қайсарлығы құрайды.

Ақын өлеңдерінің ерекшелігі мен тілі



Ақынның өлеңдерінің ортақ тақырыбы – Исатай екеуі бастаған ұл – азаттық көтерілісі. Оның поэзиясының осы өзгешелігі өлең құрлымы мен тілінің өзіндік сипаттары белгіленген. Махамбет бұрыннан бар өлең пішіндері мен тілінің көркемдік тәсілдерін көтеріліс рухына, халықты күреске үндеу, ерлікті мадақтау талаптарына сәйкес үлкен шеберлікпен пайдаланған. Тыңдаушылардың қарапайым қыздыратыдай жалынды сөз, екпін – ырғақпен айтылуы керек болды. Махамбет өлеңдерінің басым көлемі 7-8 буындық жыр өлшемімен айтылған.

Ақын өлең жолдарында ассонанс пен аллитерацияны жиі қолданған. Бұған дәлел

Талма тал түс шағында.

Тай жеген тарлан бөрі едік.

Осы екі жолда сөз басында т дыбыс 5 рет қолданған.

Сонымен бірге Махамбете буын саны әр түрлі 8 – 12 т.б жолдардан тұратын өлеңдер де баршылық. Әдетте махамбет өлеңдерінің шумағы 5-10 жолдан құралады. Ең алдымен ақын өлеңдері сөз байлығымен, тілінің бейнелілігімен, сутертілігімен ерекшеленеді. Махамбет поэзиясы метафора, теңеу, әсірелеу, эпитеттерге бай. Махамбет өлеңдерінде әр сөз өзіне тиісті ғана орында қолданылады. Махамбет шешендік толғау, афоризм түрінде айтылып, бүгінде мақал, нақыл сөзге айналып кеткен жолдармен шумақтар аз емес.

Назарларыңызға рақмет!!!



Сау болыңыз!!!

